



Абайдың тұғанына 150 жыл толу қарсаңында

Aбайды танып жеттіп, басқа жүрткә таныта алдық па дегенде, ойга алдымен оралатын сауал — ақын шығармаларының орыс тіліне аударылу жайы калай, сол аудармалардың сапасы көңіл толарлық па деген сауалдар. Өйткені қыргыз, қарақалпақ, өзбек сияқты жақын тілдер болмаса, басқа тілдерге жөн шет тілдеріне Абай шығармалары орыс тілі аударылып келе жатқаны белгілі. Мысалы, 1970 жылды белорус, армян, молдаван тілдерінде, шет тілдерден ағылшын және араб тіліндегі басылып шықкан Абай шығармаларының жинағы орысша аударма (жолма-жол аударма) негізінде тәржімаланып дайындалды. Ал оны былай қойғанда Абайды орыс тіліндегі оқытындар орыстарға фана емес, және орыс тілін білетін басқа халықтардың әкілдері десек, мұндай оқырмандар аса көп екені түсінікті. Олай болса мәселенің маңызды екенін арнайы дәлелдеп жату қажет те емес. Абай шығармаларының орыс тіліне аударылу жайы бұрын да сөз болған, аудармалардың көбін қөңілге толмайды, Абай орыс тіліндегі әкындық зор тұлғасымен толық көрінген жоқ деген байладам жиі айтылып келеді. Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі нұсқасын қазақшасымен салыстырып бағалаған макалалар, жекелеген зерттеулер де болды. Алайда, Абайды орыс тіліне аудару ісі мәз емес деген пікір жалпылама түрде жиі айтылса да, нақтылыс талдаулар жасау негізінде осы мәселеге жеткілікті дәрежеде жүртішіліктын назарын аудара алдық демесек керек. Кеменгер ақынның тұғанына 150 жыл толу қарсаңында оның шығармаларын аудару мәселесін нақтылыс сөз ету, байыты талдау жасап, айқын тұжырымдар жасау аса қажет. Осыдан бір гасыр бұрын орыстар Пушкин, Лермонтов, Крылов сияқты класик ақындарын қазақ тіліндегі аскан шеберлікпен сөйлемдеп Абайдың өз туындылары елі құнғе дейін орыс тіліндегі бар мазмұн-мағынасымен, көркемдік қуатымен толық жеткізілмей келе жатқаны, әрине, үлкен олқылық. Осы олқылықтың орын алу себептері ас емес және

Есть и такой, кто понимает слово,
Но истолкует к выгоде своей,—
деп тәржімаланған. Осындағы: истолкует к выгоде своей, яғни, сөзді өз пайдасына қарай бұрып түсінеді деген Абайдың өлеңінде мұлде жоқ, мағынасын бұзып түр.

Керек іс бозбалага талаптылық,
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылыш.
Кейбір жігіт жүрді мақтандырған,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.
деген шумақ аудармада:

К порывам юные сердца зову,
Я человечность ставлю во главу.
Кто корыстолюбив и бессердечен,
Тот мелкий человек по существу,—
деп келеді. Абай әдемі сұхбат түрінде, ақыл-кенес бергендей айтса, аудармашы «зову», «ставлю во главу» деп ұрандайды. Ал «мелкий человек по существу» дегеніне жол болсын. Өлең сөзде осылай айтудың тіпті жараспайтыны көрініп түр.

Аудармада:
Я собирающимся дам совет
Не портить пререкательством бесед.
Друг другу проявите уважение,
Которого у нас обычно нет,—
деген шумақты алсақ, мұның қазақшасын келтірмесек те болады. Өйткені, Абайдың өлеңінде «дам совет» (акыл беремін) деп бадырайтып айттылмайды. Және сыйласу, құрметтеу деген бізде болмайтын нәрсе («уважение, которого у нас обычно нет») деген сияқты сөз атымен жоқ, болатын ешбір кисыны да жоқ.

Ақыл керек, іс керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.

Зәки АХМЕТОВ

тын, күйілшіл тұрған осы өлеңің соңшалық орашо аударылып, солғын шыққаны, және көп жерлерінде қазақ әдемі келетін сөз оралымдарының мәнісін түсінбей, өзін қарадурсін жобалап орысшаланғаны екіншіті-ақ! Мысалы:

Держа по ветру нос,—
дегенің Абайдың өлеңіндегі сөздерге еш жанасмы жағдай төлдөлі.

Не ведая в какую щель,
Сумеет спрятаться, когда
Охватит дом огонь и дым,
деген сөздердің де кайдан шыққанын табу қын-ақ. Бұл түсінкілдік текст былай келеді:

Қайдан гана біледі
Ауыр менен женілдің
Арасынан отерді?

Осыны аударған десек, кейбір жері тым алшак кетіп, тұлғанда мағынасы қазақшага қарама-қайшы емес пе?

Таршылықта кайранда,

Кеншілікте ойранда,—
деп келетіп өлең жолдары орысшада:

При бурном ветре он плывет,
Куда несет его волна.

И как он боек, как он смел,
Когда настала тишина,—
большой шықкан. Бұл аударманың қазақша түпнұсқадан түштілік шалғай кеткенін байқаймыз.

Ал енді мына төмендегі тармақтар:

Такое правило у них...
Вся их натура такова,
Хоть бы один за весь мой век,
Нашелся честный человек!

Нет справедливости ни в ком...

Властиам в народе веры нет...

Напрасны клятвы волостных

«БӨТЕН СӨЗБЕН БЫЛҒАНСА СӨЗ АРАСЫ...

(ТАҒЫ ДА АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫСША

АУДАРМАСЫ ХАҚЫНДА)

олар айтылып та келеді. Мысалы, қазақ тілін білмейтін ақындардың аударып келгені және солардың өзі де көбінесе ат-усті, асығыс аударалыны, шығармаларды өз қалауынша бөліп, не тигенін алып, өзінше аударып келгені — осының өзі-ақ, браз жайды аңғартса керек.

Абайдың 1954 жылы Мәскеуде жарық көрген шығармалар жинағын алсақ (Абай Құнанбаев, Собрание сочинений в одном томе, ГИХЛ, Москва, 1954, 404-бет), ақынның тек өлеңдерін ғана жиырмадан аса адам аударғанын көреміз. Осы жинақты одан бұрын және кейін жақын көрген жинақтармен (мысалы, 1945, 1954, 1970 жылдардағы) салыстырсақ, кейбір өлеңдерді екі не уш ақынның аударғанын байқаймыз. Алайда Абай өлеңдерінің басымын көпшілігінде аудармасы алғашкы нұсқасы түрінде қайталап басылып келеді. Солардың қай-қайсысы болсын көбінше кемелінде көлменең, кемшіліктерге толы қалпында неше дүркін басылған екен. Әрине, Абай шығармаларын орыс тіліне аударуда ешқандай жетістік жоқ десек, аузыды күштеп сүрткен болар едік. Кейбір аудармашы ақындар Абайды орыс тіліндегі насиҳаттауға бірталаі еңбек сіңіргенін мойындағы жақсет. Былайша карағанда мағынасы түзу, көркемдікten де күр алакан емес аудармалар баршылық: Бірақ, сондай аудармалар мұлде жеткілікпен және солардың өзінде алшак, ағат кеткен жерлер кездеседі. Ең маңызды мәселе — Абай шығармаларының орысша аудармалары түгелдей алғанда үлкен ақынның ой-сезім байлығын, сол шығармалардың идеялық мазмұнның бар сапасын толық жеткізе алмайды. Алдымен сол тауір аударылған өлеңдер қайсы десек, «Жасымдағы ғылым бар деп ескермейді» («Бестолково учась, я жизнь прозевал» — А. Штейнберг), «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» («Не для забавы я слагаю стих» — Д. Бродский), «Жазғытурым қалмайды қыстың сызы» («Весна» (Как весенний порошумят тополя) — П. Шубин), «Жастықтың оты қайдасын?» («В ту пору юности огонь» — В. Звягинцева), «Жастықтың оты жаңындаң» («О поры души огневой» — В. Рождественский), «Талай сөз мұнан бұрын көп айтқанмын» («Я много мудрых слов сказал до этих пор» — В. Рождественский), «Аш карын жұбана ма майлы ас жемей?» («Голодное брюхо чем хочешь набей» — П. Карабан), «Бір сұлу қызы тұрпты хан қолында» («Красотка-девушка у хана жила» — М. Петровых), «Сағаттың шықылдағы емес ермек» («Не для забавы по кругу бегут» — А. Глоба) — міне осыларды, күштесек тағы бір он, яки жырыма шакты өлеңді ғана атаған болар едік. Сонда аудармасы тәуір деуге мұлде аузымыз бармай отырған өлеңдер бұлардан алденеше есе көп екенін айтпасақ та түсінікті. Ал ондай аудармалар көп болған соң, олардағы орашылақ, қазақшасын түпнұсқаның дәл, толық жеткізіп бере алмайтын сөздер, сойлемдер онан да көп. Түгел теріп, тізін беру мүмкін емес. Алайда сөзіміз нақтылы болу үшін мысалдарға жүгінелік.

Біз біраз өлеңдерінде аудармасын Абай шығармаларының 1954 жылғы орысша басылымын (Абай Құнанбаев, Собрание сочинений в одном томе, ГИХЛ, М. 1954, 407-бет) бойынша алып қарастырмакпзы. Кейбір аудармалардың басқа нұсқасы да жоқ емес, бірақ олар бірлікке ғана, негізінен осы кітаптағы аудармалар қайталанып басылып келеді.

1). «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» («Джигиты, дорог смех, а не шутовство» — аударған А. Гатов). Осы өлеңдегі

Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар.
Абайлар әрбір сөзін өз қалынша —
деген жолдар:

Салак, олак, ойнашы, керім-кербез,
Жыртаң-жыртаң қызылдан шығады ерек.

Мұның орысшасы:

Хвала тому, кто действует, кто смел,
Кто гордым сердце пронести сумел!

А от неряхи, бабника, туписы

Жди только сплетен и позорных дел.

Абай әйел туралы айтып отырса, аудармашы ерек туралы айтып, өлеңің мағынасын бұрып ажеткен.

Абай «бреуді көркі бар деп жақсы көрме» дей отыръып:

Күнде көркен бір беттен көңіл қайтар,

Қылт еткізбес қылкыты тамырышы озар,—

дәйді. Осы сөздерде қаншалықты терең мағына жатыр. Ал аудармашы:

Кому лицо подруги верной скучно,

Тот просто недостойный человек,— деп босқа лағып, орынсыз ақылтойлікке басады.

2). «Фылым таппай мактана» («Пока не знаешь — молчи» — аударған М. Петровых). Аудармада Абай өлеңінде бірталаі жерлерінде мағынасы тұра жеткізілмей, бұрмаланған, насиҳат-көңес түрінде айтыланған сөздер кейде жалпылама, жадағай сөзге айналып, солғын, әсерсіз шыққан.

Мысалы:

К беде пороки ведут...

Пусть пошлость нагло груба,

Тем легче с нею борьба...

Для робких правда страшна...

Душа невежды мертвата,

Пусты без мысли слова,—

деген сияқты ақылтойлік сарындағы сөздердің Абайдың, өлеңінде жанаңымы шамалы. Сонда қазақша түпнұсқадағы бірталаі орамды ойды білдіретін тартымды сөздер жаңағы жапсырма, жамау сөздердің көлеңкесінде қалып қалғаны ауағылмай ма?

Ал енді мына үзіндіге назар аударалық:

Лишь знаньем жив человек,

Лишь знанье движется век.

Лишь знанье — светоч сердец.

Лишненный учеников

Ученый — горький вдовец.

Осы жолдарды аудармашы қайдан алғанын бірден таба кою да оңай емес. Аудармандың бұрынғы бір нұсқасында осы қатарда «Знанье — основа бытия» деген сөзді де кездестіргенбіз. Соган қарап, бул Абайдың:

Дүние де өзі, мал да өзі,

Фылымға көніл берсөніз,—

деген сөздерінен алғынған-ау деуге болады. Бірақ Абайдың «Дүние де өзі» дегені әлем (мир), болмыс (бытие) мағынасында емес, қажетті зат, бүйім (достаток) деген мағынада айтылғанын аудармашы түсінбей, фылымсыз өмір жоқ деген сияқты жалпылама тұжырымдарды тізбектеп кеткен. Ал соңында Абайдың «